

**Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің**  
**7M01110 «Педагогика және психология» магистратура білім беру**  
**бағдарламасына**  
**сараптамалық қорытынды**

Бұл білім беру бағдарламасы жобалауға құзыреттілік тәсілге негізделген және модульдік форматқа ие.

7M01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мақсаты білім беру жүйесінің қазіргі жағдайында кәсіби психологиялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында педагогика және психология магистрлерін даярлау болып табылады.

7M01110 «Педагогика және психология» 1 жылдық білім беру бағдарламасы білім беру траекториясын қамтиды: білімді қолдану, түсіну және жаңа немесе бейтаныс жағдайларда мәселелерді шешу қабілеті және зерттеу саласына қатысты кеңірек (немесе пәнаралық) салалар шеңберіндегі контекст.

7M01110 «Педагогика және психология» ББ бойынша оқытудың жалпы нәтижелері (ҰБШ 7-біліктілік деңгейі): ҰБШ салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін жалпы кәсіптік құзыреттердің біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шкаласын және тиісті біліктілік деңгейіне қол жеткізудің негізгі жолдарын айқындайды.

7M01110 «Педагогика және психология» ББ білім беру бағдарламасының мазмұны оның тиімділігіне әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. ББ мазмұны модульдік принцип негізінде кешенді тәсілмен анықталады. Элективті пәндер каталогында (ЭПК) ұсынылған элективті пәндер бөлімдерінің тізбесі магистрлік жұмыстардың тақырыптарын анықтауға және қарастыруға, ғылыми-зерттеу практикасының базаларын қамтамасыз етуге және түлектерді қорытынды аттестаттаудан өткізуге қатысатын өңірдің жұмыс берушілерімен келісіледі.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын әзірлеу білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылады және оқытудың күтілетін нәтижелеріне нақты бағдарланған, бұл білім беру процесінің тұлғалық-бағдарланған сипатын көрсетеді.

Хаттамалар мен сұхбаттарды талдау 7M01110 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мазмұнын әзірлеу кезінде жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірі ескерілетінін көрсетті. Бұл магистранттар мен басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бағдарламаны кезең-кезеңімен бағалауға және қайта қарауға мүмкіндік береді. Процесс ақпаратты жүйелі түрде жинауға, талдауға және басқаруға негізделген, бұл бағдарламаның өзектілігін қамтамасыз ету үшін бейімделуіне ықпал етеді. 7M01110 «Педагогика және психология» ББ модульдік құрылымы жұмыс берушілер мен магистранттардың таза психологиялық пәндік салаға жататын компоненттерді, ең алдымен ұсынылған элективті пәндер арқылы ұсынуы есебінен күшейтілді. Бұл магистранттарды даярлаудың бәсекеге

қабілеттілігімен қатар білікті мамандарды қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді.

Бағалау әдістері білім беру бағдарламасы мен пән силлабусына біріктірілген магистранттардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық әдістері мен түрлерін қамтиды.

7M01110 «Педагогика және психология» ББ бойынша оқыту процесінде оқытудың болжамды нәтижелерін бақылау мен бағалаудың әртүрлі нысандарының кең ауқымы көзделеді: ББ білім алушылардың ар-намыс кодексін сақтауы бойынша тәрбиелік, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын және оқуға, баға алуға ар-намыссыз қараудың кез келген түріне «нөлдік төзімділікті» ескере отырып жүргізіледі. «Корпоративтік этика кодексі» және «Академиялық адалдық ережелері» оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың мінез-құлқына бірыңғай талаптарды белгілейді.

Барлық оқу барысында әрбір магистранттың білімі мен іскерлігінің сапасына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Ай сайын үлгерімге талдау жасалады, ал әр семестрдің соңында әр топ пен жалпы мамандық бойынша қорытындылар шығарылады. Емтихан сессиясының нәтижелері әртүрлі деңгейлерде талқыланады және осы талқылаулар негізінде басқару шешімдері қабылданады. Ағымдағы және аралық бақылауды оқытушылар практикалық сабақтар және магистранттардың өзіндік жұмысы шеңберінде жүргізеді, ал нәтижелер пән бойынша рейтинг-парақта тіркеледі.

Қорытынды: жоғарыда айтылғандар Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде жүзеге асырылатын 7M01110 «Педагогика және психология» магистратурасының ББ ҚР жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

**«Тұлғалық дамыту және білім беру» кафедрасының меңгерушісі  
«Торайғыров университеті» КЕАҚ**



**Р.Ж. Аубакирова**

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
_____ қолын растаймын	
подпись <u>Аубакировой Р.Ж.</u>	_____ заверяю
HR-қызметі _____	
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университеті»	